

## ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ АССАМБЛЕЯСЫНА 30 ЖЫЛ: ЖЕТІСТІКТЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Сәрсенбек Г.

Ғылыми жетекшісі: PhD, Моминова Г.Т.

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті

[gulnursarsenbek14@gmail.com](mailto:gulnursarsenbek14@gmail.com)

Астана қ.

Байтақ даламыз, шұрайлы жерлеріміз бен табиғаты әсем Қазақстан жері көп этносты мемлекет ретінде танылған. Алғаш қазақ жеріне күштеп қоныстандырылған ұлттар мен ұлыстар бүгінде қазақ даласында бейбіт те, тыныш өмір сүруде. Бүгін де әрбір ұлттың діні мен дәстүріне сыйластықпен қарайтын халқымыз, бір-бірімен тату өмір сүріп келеді. Соның нәтижесінде, мемлекетіміз алғашқы кезеңнен бастап этносаралық тұрақтылық пен қоғамдық келісімді нығайтуда бірнеше стратегиялық бағыттар қабылдады. Елдегі көпэтностылық жағдай тұрақты саясат жүргізуді талап етеді. Осыған орай, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен елдегі қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді нығайту мақсатында 1995 жылы 1 наурызда Қазақстан Халық Ассамблеясы (ҚХА) құрылып, этносаралық келісімнің бірегей институтына айналды. Оның қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясы [1] және «Қазақстан Халық Ассамблеясы туралы» Заңмен [2] айқындалған.

Осы институттың құрылуы еліміздегі барлық этностардың мүдделерін ескеретін жаңа қоғамдық модельдің қалыптасуына жол ашты. Қазақстан Халық Ассамблеясы түрлі ұлт өкілдерінің өзара сыйластықта өмір сүруіне, мемлекеттік саясатқа белсенді араласуына мүмкіндік беретін алаң ретінде дамыды. Уақыт өте келе Ассамблея тек ақыл-кеңес беретін, қажетті ұсыныстар жасайтын, бірақ міндетті шешім қабылдамайтын орган ғана емес, елдегі бірлік саясатының негізгі үйлестірушілерінің біріне айналды.

ҚХА-ның құрылуы және құқықтық негізі.

Еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясын алғаш рет 1992 жылы Тәуелсіздіктің бірінші жылына арналған Қазақстан халқының бірінші форумында жариялады. Ал Ассамблеяны құру туралы шешім 1995 жылы қабылданды, бұл кезең елдегі этникалық ахуалды тұрақтандырудың маңызды қадамы болды [3]. Жалпы Ассамблеяның мақсаты Қазақстандағы барлық ұлт өкілдерін бірлікке, ынтымақтастыққа, келісім мен бейбіт өмір сүруге бағыттауына арналған еді. 2008 жылы ҚХА конституциялық орган мәртебесін алды, бұл оның рөлін айтарлықтай арттырды. Осы өзгерістен кейін Қазақстан Халық Ассамблеясы тек кеңесші немесе консультативтік орган ғана емес, сонымен бірге мемлекеттік саясатқа нақты ықпал ете алатын, заңнамалық тұрғыдан бекітілген мәртебесі бар институтқа айналды. Бұл оның елдегі этносаралық келісім мен бірлікті сақтаудағы рөлін айтарлықтай күшейтті, сондай-ақ түрлі ұлт өкілдерінің мүдделерін қорғаудағы жауапкершілігін арттырды. Ғалымдар этносаяси тұрақтылықтың құқықтық негізделуі мемлекеттік бірліктің басты шарттарының бірі екенін атап өтеді [4]. Осы мақсатта Қазақстан Халық Ассамблеясы әртүрлі ұлт өкілдерінің құқықтарын қорғауды, олардың саяси және әлеуметтік өмірге белсенді қатысуын қамтамасыз етуді басты міндет етеді. Ассамблеяның бұл қызметі елдегі этникалық келісімді нығайтып, тұрақты дамуға ықпал етеді. Сонымен қатар, ҚХА тек консультативтік орган ретінде емес, қоғам мен мемлекеттің арасындағы сенімді нығайтып, бірлікті сақтаудағы стратегиялық рөл атқаратын маңызды институтқа айналды.

ҚХА-ның негізгі функциялары мен институционалдық міндеттері.

Этносаралық келісімді нығайту. ҚХА этномәдени бірлестіктердің жұмысын қолдап, ұлттық мәдениеттердің сақталуы мен дамуына ықпал етеді. Этномәдени орталықтардың саны жыл сайын артып келеді [5].

Қазақстан Халық Ассамблеясы түрлі ұлт өкілдері арасындағы түсіністік пен татулықты сақтауға бағытталған. ҚХА этномәдени бірлестіктердің жұмысын қолдап, олардың ұлттық дәстүрлері мен тілін сақтауға жағдай жасайды. Мысалы, этномәдени орталықтар, ұлт қоғамдары мен шығармашылық үйірмелер түрлі мерекелер, фестивальдер, көрмелер ұйымдастырады, осылайша әр ұлт мәдениетін таныту мен дамытуға мүмкіндік береді. Ассамблеяның жұмысы тек мәдениет саласымен шектелмейді. Ол қоғамдағы этникалық топтар арасындағы қатынасты нығайтуға, ұлтаралық түсініспеушіліктің алдын алуға, сондай-ақ жастар мен қоғам белсенділерін түрлі жобаларға тарту арқылы тұрақты диалог пен бірлікті орнатуға бағытталған.

Қоғамдық келісім мен бірлік идеологиясын қалыптастыру.

Қоғамдық келісім кеңестері жергілікті деңгейде әлеуметтік мәселелерді талқылап, медиация арқылы шешуге мүмкіндік береді. Бұл азаматтық қоғам институттарының белсенділігін арттырады [6].

Сонымен қатар, ҚХА қоғамдық келісім мен бірлікті насихаттау арқылы қоғамдағы сенімді нығайтады. Жергілікті кеңестер түрлі ұлт өкілдерінің пікірін тыңдап, келіспеушіліктерді бейбіт жолмен шешуге жағдай жасайды. Бұл азаматтық қоғам институттарының дамуына ықпал етіп, әртүрлі қауымдастықтар арасында өзара сыйластық пен татулықты қалыптастырады. Нәтижесінде Ассамблея елдегі әлеуметтік тұрақтылық пен этникалық бірліктің сақталуына нақты үлес қосады.

Заң шығару процесіне қатысу.

Қазақстан Халық Ассамблеясының Мәжіліске депутаттар сайлау тетігі оның мемлекеттік басқару процесіндегі салмағын көрсетеді. Бұл ҚХА-ның заң шығару процесіне тікелей қатысуын қамтамасыз етеді. Ассамблея Мәжіліске депутаттарды ұсыну арқылы түрлі этникалық топтардың мүдделерін заңнамалық деңгейде білдіру мүмкіндігіне ие болады. Сонымен қатар, ҚХА заңнамалық ұсыныстар мен түзетулер енгізу арқылы қоғамдағы әлеуметтік және этносоаяси мәселелердің шешілуіне ықпал етеді. Осылайша, Ассамблея тек консультативтік орган ғана емес, мемлекеттік басқаруда нақты салмағы бар институтқа айналады

Ғылыми-сараптамалық жұмыс.

Қазақстан Халық Ассамблеясы жанындағы Ғылыми-сараптамалық кеңес этникалық үрдістерге ғылыми талдау жасап, мемлекеттік этносоаясаттың тиімділігін арттыруға бағытталған зерттеулер жүргізеді [7]. Қазақстан Халық Ассамблеясы жанындағы Ғылыми-сараптамалық кеңес этникалық үрдістерді, этносаралық қатынастарды және қоғамдағы әлеуметтік-саяси жағдайды терең зерттейді. Кеңестің негізгі міндеті - мемлекеттік этносоаясатты тиімді жүргізу үшін ғылыми негізделген ұсынымдар жасау. Ол әртүрлі этникалық топтар арасындағы келісім мен бірлікті сақтауға ықпал ететін бағдарламалар мен жобаларды әзірлеуге қолдау көрсетеді. Сонымен қатар, Ғылыми-сараптамалық кеңес этносаралық даулар мен проблемаларды алдын-ала анықтап, оларды бейбіт жолмен шешуге бағытталған зерттеулер жүргізеді.

30 жыл ішіндегі жетістіктер.

Қазақстандық толеранттылық моделі.

Қазақстан этносаралық тұрақтылықты сақтаудың тиімді үлгісін қалыптастырды. Бұл модель халықаралық ұйымдар тарапынан жоғары бағаланған [8], ал Орталық Азия кеңістігінде этникалық қақтығыстардың алдын алуда тиімді механизм ретінде танылды. Қазақстан этносаралық тұрақтылықты сақтау және ұлттық бірлікті нығайту саласында тиімді модельді қалыптастырған ел ретінде танылды. Бұл модельдің ерекшелігі - әртүрлі этникалық топтардың құқықтары мен мүдделері тең дәрежеде қорғалып, қоғамдағы әр ұлт өкілі өз мәдениеті мен дәстүрін сақтай отырып, жалпы мемлекеттің дамуына үлес қоса алады. Қазақстандық толеранттылық моделі тек теориялық тұрғыдан ғана емес, практикалық іс-әрекетпен де көрінеді: этномәдени орталықтар, қоғамдық келісім кеңестері және Халық Ассамблеясы сияқты институттар түрлі ұлттар арасындағы диалог пен ынтымақтастықты қамтамасыз етеді [9].

Бұл тәжірибе халықаралық ұйымдар тарапынан да жоғары бағаланып, Орталық Азиядағы этникалық қақтығыстардың алдын алу және бейбіт келісім орнату үшін үлгі ретінде ұсынылуда. Сонымен қатар, Қазақстандық модель жастар мен қоғам белсенділерін толеранттылыққа тәрбиелеу, этносаралық түсіністікті нығайту және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету бағытында тұрақты іс-әрекеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Этномәдени орталықтардың дамуы.

1995 жылдан бері этномәдени орталықтардың саны бірнеше есе артты. Ұлттық тілдер мен мәдениеттерді дамытуға бағытталған жобалар саны да ұлғайды [10]. Олар ұлттық мерекелер, көрмелер, шеберлік сабақтары мен фестивальдерді ұйымдастырып, қоғамда этникалық әртүрлілікті көрсететін және жастар арасында мәдени танымдық белсенділікті арттыратын алаңға айналды. Бұл жалпы түрлі ұлттардың бір бірінің мәдениеттері мен тілдерімен танысуға жақсы мүмкіндік береді. Сонымен қатар өзара сыйластықтарын да арттыра түседі. Яғни, мұндай орталықтар тек мәдени мерекелерді өткізу ғана емес, ұлттар арасындағы байланыс пен толеранттылықты арттырудың нақты құралы болып табылады.

Медиация институтының дамуы. Олар ұлттық мерекелер, көрмелер, шеберлік сабақтары мен фестивальдерді ұйымдастырып, қоғамда этникалық әртүрлілікті көрсететін және жастар арасында мәдени танымдық белсенділікті арттыратын алаңға айналды. Қазақстан Халық Ассамблеясы медиацияны дамытуда маңызды рөл атқарады. Медиация - қоғамдағы даулар мен әлеуметтік жанжалдарды бейбіт жолмен шешудің тиімді механизмі. «Медиация туралы» ҚР Заңы [11] негізінде, Ассамблея жанындағы медиация кабинеттері азаматтар арасындағы келіспеушіліктерді, әсіресе этникалық немесе мәдени айырмашылықтардан туындайтын мәселелерді алдын ала шешуге мүмкіндік береді [12]. Бұл кабинеттер тек кеңес беріп қана қоймай, нақты іс-әрекеттер арқылы дау-дамайларды шешуге көмектеседі, адамдарға конфликт жағдайында әділ және бейбіт жолмен келісу дағдыларын үйретеді. Сонымен қатар, медиация институты ұлттар арасындағы түсіністікті күшейтеді, жастар мен

қоғам белсенділерін конфликт шешудің заманауи тәсілдеріне үйретеді, осылайша Қазақстандағы этносаяси тұрақтылыққа нақты үлес қосады.

Қазақстан Халық Ассамблеясы медиацияны дамытуда маңызды рөл атқарады. Медиация туралы» Заң [13] және Ассамблея жанындағы медиация кабинеттері әлеуметтік жанжалдардың алдын алуда нәтижелі тетікке айналды.

Қазақстандық бірегейлік саясаты.

Қазақстан Халық Ассамблеясы елдегі қазақстандық бірегейлікті қалыптастыруда негізгі рөл атқарады. Ол әртүрлі ұлт өкілдерін біріктіріп, қоғамдағы жалпы құндылықтар мен нормаларды насихаттайды. Қазіргі зерттеушілер бұл саясатты қоғамның интеграциясына және этносаралық келісімге ықпал ететін басты фактор деп бағалайды.

Қазақстан Халық Ассамблеясы елдегі қазақстандық бірегейлікті қалыптастыруда негізгі идеологиялық орталық болып табылады. Қазіргі зерттеушілер бұл бағытты қоғамның интеграциясындағы басты фактор ретінде көрсетеді. Ассамблея арқылы жүзеге асырылатын іс-шаралар мен бағдарламалар әр ұлттың мәдениетін сақтап қана қоймай, сонымен бірге халық арасында бірлік пен толеранттылықты күшейтеді.

Болашақтағы даму бағыттары.

Қазақстан Халық Ассамблеясының қызметін цифрлық кеңістікке бейімдеу этносаралық процестерді жедел мониторингтеуге мүмкіндік береді. [14]. Цифрлық платформалар арқылы этникалық топтар арасындағы өзара іс-қимыл, қоғамдық пікірлер мен әлеуметтік жағдайларды жедел қадағалауға болады. Сонымен қатар, цифрландыру Ассамблеяның қоғаммен кері байланысын күшейтеді, ақпараттық науқандар мен онлайн жобаларды ұйымдастыру арқылы азаматтардың белсенділігін арттырады. Бұл процесс этносаяси тұрақтылықты сақтау мен этникалық топтар арасындағы келісімді нығайтуда заманауи тиімді құрал ретінде қызмет етеді.

Жастардың ұлттық бірлік құндылықтарын қабылдауы Қазақстандағы этносаралық татулықтың болашақтағы тұрақтылығына әсер етеді. Сондықтан жастарға бағытталған жобаларды күшейту қажет. Тренингтерді, форумдар мен әлеуметтік бағдарламаларды белсенді жүргізіп, олардың мәдениетаралық қарым-қатынасын дамытуды мақсат етеді. Мұндай іс-шаралар жастарды жауапкершілігі мол және патриоттық көзқарастағы азаматтар ретінде қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, жастарға арналған жобалар арқылы жаңа идеялар мен ұсыныстар енгізуге, қоғамдағы өзгерістерді қадағалауға мүмкіндік туады, бұл этносаяси тұрақтылықты сақтауда маңызды рөл атқарады.

Этносаралық қатынастардың жаңа динамикасын анықтайтын ғылыми-сараптамалық зерттеулер көлемін арттырудың маңызы зор. Этносаралық қатынастардың жаңа үрдістерін, әлеуметтік өзгерістер мен этникалық динамиканы зерттеу үшін ғылыми-сараптамалық зерттеулерді кеңейту өте маңызды. Бұл зерттеулер ҚХА-ға мемлекеттік этносаясатты тиімді қалыптастыруға, қоғамдық келісім мен бірлікті нығайтуға бағытталған нақты ұсынымдар жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зерттеулер этносаралық жанжалдардың алдын алу, түрлі этникалық топтар арасындағы өзара түсіністікті арттыру және жастардың мәдени белсенділігін дамыту стратегияларын жасауға негіз болады. Ғылыми негізделген деректер мен талдаулар арқылы Ассамблея болашақтағы шешімдер мен бағдарламаларды тиімді жоспарлап, қоғамдағы тұрақтылыққа үлес қосады.

Қазақстан Халық Ассамблеясы 30 жыл ішінде этносаралық келісім мен қоғамдық бірлікті нығайтудың тиімді институты ретінде қалыптасты. Алдағы кезеңде Ассамблеяның рөлі цифрландыру, ғылыми сараптама және жастар саясаты бағыттары арқылы кеңейіп тиіс. Алдағы уақытта Ассамблеяның рөлі цифрландыру, ғылыми сараптама және жастар саясаты бағыттары бойынша кеңейіп тиіс.

Болашақта ҚХА қызметінің цифрлық технологиялар арқылы тиімділігін арттыру, этникалық процестерді жедел қадағалау және қоғаммен тұрақты кері байланыс орнату маңызды болады. Жастар саясатын дамыту арқылы жас буынды ұлттық құндылықтар мен бірлік идеясына баулу, олардың мәдениетаралық түсіністік пен патриоттық сезімін қалыптастыру қажеттігі де басты міндеттердің бірі болып қала бермек. Сонымен қатар, ғылыми-зерттеу жұмыстарының көлемін арттыру этносаяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге және мемлекеттік саясатты дәлелді әрі тиімді жүргізуге мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, Қазақстан Халық Ассамблеясы тек өткен жетістіктерге сүйеніп қана қоймай, жаңа әлеуметтік-мәдени және ғылыми бағыттарды дамыта отырып, елдегі этносаралық келісімді әрі қарай нығайтып, қоғамдағы бірлікті сақтауда негізгі рөл атқара бермек. Бұл процесс Қазақстанның көпэтносты мемлекет ретінде тұрақты дамуы мен халықаралық қауымдастықтағы беделін арттыруға, сондай-ақ еліміздің болашағы мен ішкі тұрақтылығына да көптеген пайдасын тигізеді.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР Конституциясы. (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000/>)
- 2.«Қазақстан Халық Ассамблеясы туралы» ҚР Заңы. (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z080000070/>)
- 3.ҚР Президентінің ҚХА құру туралы Жарлығы. (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U000000450/>)
4. «Медиация туралы» ҚР Заңы. (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000401/>)
- 5.Қазақстандағы этносаясат негіздері. // Қазіргі саяси процестер: ғылыми мақалалар жинағы., Алматы: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017, (120-126б.)
6. Төлегенова С. Медиация институты. (<https://assembly.kz/news/mediatsiya-instituty-yntymatasty-mentalitetin-alyptastyru-raly/>)
7. Kassymova G. Eurasian Studies. (<https://orcid.org/0000-0001-7004-3864>)
8. Madiyarova G. Youth and Ethnic Policy.( <https://adilet.zan.kz/eng/docs/Z1500000285>)
9. ҚХА жылдық есебі. (<https://assembly.kz/prochee/aza-stan-khal-y-assambleyasyny-2025-zhyl-a-deyingi-damu-t-zhyrymdamasyn-bekitu-turaly/>)
- 10.ҚР АҚДМ этносаралық мониторинг есептері. (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200001014/>)
- 11.БҒМ ҒК зерттеулері. (<https://iict.kz/qr-gjbm-gk-aqparattyq-jane-esepteu-tehnologialary-instituty-sjq-rmk-gylymi-kenesi-turaly-ereje/>)
12. «Бір халық-Бір ел-Бір тағдыр» жинағы / жауапты редактор: Қазақстан Халық Ассамблеясы. - Алматы: 2014.(16 б)
13. International Crisis Group Report.( <https://www.crisisgroup.org/>)
14. UNESCO Cultural Harmony Report.( <https://www.unesco.org/en/culture/global-report>)
15. Assembly.kz. (<https://assembly.kz/>)

## АССАМБЛЕЯ - БЕЙБІТШІЛІК БЕСІГІ

**Ибрашева Т.Т.**

Ғылыми жетекшісі: оқытушы Мұстафин Е.Е.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

Қарағанды қ.

[mustafin\\_yerkebulan@mail.ru](mailto:mustafin_yerkebulan@mail.ru)

*Біздің халқымыздың асыл мұраты-тұрақты экономикасы бар тиімді мемлекет және прогрессивті құндылықтары бар әділ қоғам құру. Отанымыздың стратегиялық мүдделеріне қалтқысыз қызмет ету мақсатында барлық этностар мен конфессиялар өкілдерінің жалпыұлттық бірігуінің маңызы зор.*

*Қ.К. Тоқаев*

Жер бетіндегі кез - келген мемлекеттің дүниеге келуін - діні, тілі, ұлты бір адамдардың бір тудың астына шоғырлануы деп қабылдаймыз. Алайда, өткен күндерден таңбаланып жеткен қарт тарихтың қойнауына көз жүгіртсек, ұлы мемлекеттердің қалыптасуы көп жағдайда бір ұлттан ғана емес, бірнеше ұлт өкілдерінің бірігуі арқылы дүниеге келгендігіне көз жеткіземіз.

Ешкімге дау тудырмайтын шындық қазақ мемлекетін құраушы халықтың негізі - қазақтар. Ал, әріге көз жіберсек, қабырғалы қағанатымыздың құрамына еніп, біте қайнасып кеткен түбі бір туысқан (перманентті) сарт, ноғай, татар, өзбек, қырғыз, моңғол, карақалпақ, түрік секілді өзге ұлттардың да өзіндік үлесі бар екендігін мойындауымыз керек. Бұл ақиқат дәуірлер белесіндегі аласапыран, қилы кезеңдердегі түрлі оқиғалармен тікелей байланысты.

Аллаға шүкір, бүгінде қазақ елі ата - бабалардың арманы болған арайлы азаттықтың ордалы отыз жылдығынан асып, қырқыншы жылдарына да қадам басты. Осы жылдар аралығында жас мемлекетіміз өзінің қалыптасуы жолында бейбітшілік пен ұлтаралық келісімді негізгі темірқазық етіп ұстанды. Оған қиын - қыстау замандарда жат елдің баласын бөтенсінбей бауырына басқан қазақ халқының ата шаңырағында 130 дан астам өзге ұлттар мен этностар өкілдерінің болуы басты себеп еді. 130 өзге ұлт... Ойланып, түпкі байыбына барған адамға аз халық емес. Кейде бір ата - ананың құрсағынан шыққан ағайынды жандардың ауызбіршілігіне алауыздық кіріп, безбүректікпен қастық қылғанына да куә болып жүрміз. Бұл жерде дана Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» дейтін асқақ мұраты туралы айту тіпті қисынсыз. Бір ананы тел емген туғандардың туыстықтың туын туырлық ететін адам сенгісіз әрекетін көргенде, тілі мен діні, салт - санасы әрқилы 130 ұлтты ынтымақты ымыраға қалай шақырса керек. Оның үстіне біздің еліміз телегей теңіздердің ортасында жатқан арал емес, керсінше ғаламның ең бір күрделі аймағының кіндігінде жатқан ел. Күтпеген жерден